

- ұжымдық ойлау іс-әрекетіндегі негізгі мәселелердің жүзеге асыру тәсілдерін игеріп, шығармашылық іс-әрекетті жетістікпен жүзеге асыруды пайдалана білуін көрсетеді.

Сонымен, акмеологиялық тұрғыдағы кәсіби әрекетке дайын маман ғана өзінің шығармашылық-белсенділік, тұлғалық-зияткерлік және басқа да адами маңызды қасиеттерімен, кәсіби құзырлылықтарын дамытуымен ерекшеленеді. Бұл сапалық көрсеткіш маманның жаңа білімдерге, жаңалықтарға жақын болуымен, ғылымды игеруімен, кәсіби әрекетін талдай алуымен және баланың даму ерекшеліктерін біліп, оған жағдай жасай алуы арқылы нәтижелі болады деп білеміз.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Введенский В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога /В.Н.Введенский//Педагогика.-2003.-№10-с.51-55.

2. Слостенин В.и др.Педагогика: Учеб.пособие для студ.высш.учеб.заведений В.А.Слостенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов. Под ред.В.А.Слостенина.-М.:

Издательский центр «Академия», 2002.-576с.

3. Акмеологический словарь/Под общ.ред.-М.:Изд-во РАГС,2004.

4. Деркач А.А., Кузнецов Н.В. Акмеология: Пути достижения вершин профессионализма.-М.,1993,-168с.

5. Деркач А.А. Акмеология: методология, методы и технологии.-М.:РАГС,1998.-320с.

**ОӘЖ 37.03**

**МРНТИ 14.31.07**

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.07>

<sup>1</sup>Г.С. Саудабаева, <sup>2</sup>Г.К. Шолпанқұлова

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан

## **ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДЕ МЕТАПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

### *Андатпа*

Бұл мақалада пәнаралық байланыс негізінде студенттерде метапәндік құзыреттерді қалыптастыру мәселесі қарастырылады. «Метапәнділік» ұғымы бір мәнді анықтамаға ие емес және зерттеушілердің түрлі көзқарастарын бейнелейді. Ұғымның ұзақ тарихына қарамастан, оның бірыңғай түсіндірмесі әлі күнге дейін жоқ, түрлі ғылыми мектептер оны басқаша түсіндіреді. Қазіргі заманғы түсіністегі метапәндік тәсіл дәстүрлі білім беру технологияларын толықтырады және кеңейтеді, білім алушыларға пәндік мазмұнға таптаурын емес көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, саналы түрде зерттейді және белгілі бір ізге түсу процедуралары (мақсатты болжау, іздеу, талдау және әр түрлі ақпарат түрлерін синтездеу және оны бағалау) арқылы өзіндік ойлау әдістерін дамытады. Білім берудің метапәндік мазмұны метабілім, метабілік, және метатәсілді меңгеру ретінде ретінде қойылуы мүмкін, табысты жеке өсу үшін қажетті метапәндік әрекеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін дәстүрлі әрекеттен туындайтын өзге де іс-әрекетті көздейді. Метапәндік іс-әрекет оқу пәнінің шегінен тыс әрекет; ол кез келген пәндік ұғыммен, схемамен, модельмен және т. б. жұмыстың жалпылама тәсілдеріне оқытуға бағытталған және өмірлік жағдайлармен байланысты. Пәнаралық байланыстар метапәндік нәтижелерге қол жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Метапәндік әдісі тұлғаның жан-жақты дамуын, біртұтас дүниетанымды қалыптастыруды, білім алушылардың әртүрлі пәндерде игерген білімін синтездеуді, оларды практикада, еңбек қызметінде және адам өмірінде кешенді қолдануды қамтамасыз етеді.

**Түйін сөздер:** құзырет, құзыреттілік, компетенттілік тұғыр, метапәнділік, метапәндік құзырет, пәнаралық байланыс, интеграция, білімнің метапәндік мазмұны, оқу әрекеті.

<sup>1</sup>Saudabayeva G.S., <sup>2</sup>Sholpankulova G.K.

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abay  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>L.N. Gumilev Eurasian National University  
Nur Sultan, Kazakhstan

## FORMATION OF META-SUBJECT COMPETENCE OF STUDENTS BASED ON INTERDISCIPLINARY COMMUNICATIONS

### *Abstract*

This article discusses the problem of forming meta-subject competence of students on the basis of intersubject communications. The concept of meta-subject matter is not uniquely defined and reflects the different views of researchers. Despite the long history of the concept, there is still no single interpretation of it, different scientific schools interpret it differently. The meta-subject approach in the modern sense complements and extends traditional educational technologies, allowing the student to look at the subject content with a non-trivial look, consciously exploring and developing methods of their own thinking through certain thought-generating procedures (goal-setting, search, analysis and synthesis of various types of information and its evaluation). The meta-subject content of education assumes other activities that are different from the traditional ones, which allow the formation of meta-subject competencies necessary for successful personal growth, which can be represented as metacognition, meta-knowledge and possession of meta-skills. Meta-subject activity - activity outside the subject; It is aimed at teaching generalized methods of working with any subject concept, scheme, model, etc. and related to life situations. Interdisciplinary communication is the most important means of achieving meta subject results. The meta-subject approach ensures the comprehensive development of the personality, the formation of a holistic worldview, the synthesis of knowledge learned by students in various subjects, their comprehensive application in practice, in work and human life.

**Key words:** competence, competence, competency-based approach, meta-subject, meta-subject competence, intersubject communication, integration, meta-subject content of education, educational activities.

<sup>1</sup>Г.С.Саудабаева, <sup>2</sup>Г.К.Шолпанкулова

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева  
Нур-Султан, Казахстан

## ФОРМИРОВАНИЯ МЕТАПРЕДМЕТНЫХ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНОВ НА ОСНОВЕ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ

### *Аннотация*

В данной статье рассматривается проблема формирования метапредметных компетенции студентов на основе межпредметных связей. Понятие метапредметность не имеет однозначного определения и отражает различные взгляды исследователей. Несмотря на долгую историю понятия, до сих пор нет единого его толкования, различные научные школы трактуют его по-разному. Метапредметный подход в современном понимании дополняет и расширяет традиционные образовательные технологии, позволяя ученику взглянуть на предметное содержание нетривиальным взглядом, сознательно исследуя и развивая методы собственного мышления посредством определенных мыследеятельностных процедур (целеполагания, поиска, анализа и синтеза различных типов информации и ее оценки). Метапредметное содержание образования предполагает иную деятельность, отличающуюся от традиционной, позволяющую сформировать метапредметные

компетенции, необходимые для успешного личностного роста, которые могут быть представлены как метазнания, метаумения и владение метаспособами. Метапредметная деятельность – деятельность за пределами учебного предмета; она направлена на обучение обобщенным способам работы с любым предметным понятием, схемой, моделью и т.д. и связана с жизненными ситуациями. Межпредметные связи являются важнейшим средством достижения метапредметных результатов. Метапредметный подход обеспечивает всестороннее развитие личности, формирование целостного мировоззрения, синтез знаний, усвоенных обучающимися на разных предметах, комплексное применение их на практике, в трудовой деятельности и жизни человека.

**Ключевые слова:** компетенция, компетентность, компетентностный подход, метапредметность, метапредметная компетенция, межпредметная связь, интеграция, метапредметная содержание образования, учебная деятельность.

Қазіргі қоғам барлық үрдістердің жаһандануы, ақпараттық технологияның қарқынды дамуы және олардың барлық саладағы интеграциясы секілді негізгі ерекшеліктермен сипатталады. Сондықтан кез келген тұлға өзінің кәсіби іс-әрекет саласында қоғамның осындай өзгерістеріне сәйкес икемді және мобилді болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, құзыреттерді социум талабы, ал құзыреттілікті осы талаптардың көрініс табуы ретінде қарастыруға болады.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті» деп анықталады [1].

Білім саласына қатысты құзырет (латын тілінде *competencia* – адам жақсы хабардар болған, білім мен тәжірибеге ие мәселелер шеңбері, өкілеттіктер мен құқықтар) білім беру мазмұнын игерудің ықпалдастырылған нәтижесі, ол оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың практикалық және теориялық міндеттерді шешу үшін нақты өмірлік жағдайда игерілген білімді, дағдылар мен қызмет тәсілдерін пайдалануға дайындығын білдіреді.

Базалық, әмбебап ретінде «түйінді құзыреттер» ұғымы қарастырылады. Түйінді құзыреттер KSAO стандартына сәйкес сипатталады: білім (*knowledge*); іскерлік (*skills*); қабілет (*abilities*); басқа сипат (*other*). Олар үшін көпфункционалдылық, пәнаралық, көпжақтылық сондай-ақ ақпараттың, білім мен біліктіліктің интегративтік табиғаты секілді сапалар тән. Тұтас алғанда, құзыреттілік тұғырды жүзеге асыру кәсіби білім беру міндеттеріне сай құзыреттіліктер жиынтығын қалыптастыруға бағытталған.

А.В. Хуторский құзыреттер құрылымын білім беру мазмұнының бөлінуіне сәйкес салыстырмалы тұрғыдан үш деңгейде анықтайды: жалпы метапәндік (барлық пәндер үшін), пәнаралық (пәндер циклі немесе білім беру салалары үшін) және пәндік (әрбір оқу пәні үшін), атап айтқанда: негізгі құзыреттер (білім берудің жалпы (метапәндік) мазмұнына жатады); жалпы пәндік құзыреттер (оқу пәндері мен білім беру салаларының белгілі бір тобына жатады); пәндік құзыреттер (оқу пәндері шеңберінде сипатталған және қалыптастыру мүмкіндігі бар алдыңғы екі деңгейіне қатысты жеке құзыреттер) [2].

Құзырет индивидтің білім, тәжірибе, әрекет ету қабілеті және мінез-құлық дағдысы, кәсіби іс-әрекетті өнімді орындауды қамтамасыз ететін әрекеттердің жиынтық тәсілі; адамның өзінің құзыреттілігін практика жүзінде жүзеге асыра алу қабілеті. Құзыреттің өзегі іс-әрекет қабілеттері, әрекет тәсілдерінің жиынтығы болып табылады, оның маңызды компоненті тәжірибе, яғни адамның міндеттерді шешу тәсілдері мен амалдарын, жеке әрекетте меңгергенін тұтас бірлікке интеграциялауы.

Құзыреттілік бұл осы іс-әрекетті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті тұрақты жеке сипаттамалар кешені. Ұғым, қағида, мән-мағына түзуші ережелер формасында ұсынылатын теориялық және эмпирикалық білімді мазмұндық талқылап қорытындылау. Құзыреттілік құрылымы: тәжірибе (әрекеттің байланыстылығы), білік пен дағды (әрекеттің құрылымы); қарым-қатынас ұстанымы, практикалық білімі, теориялық білімі, қабілет пен сапа-қасиет (әрекет параметрі).

Сондықтан «құзырет» - индивид жақсы хабардар және әрекетті орындауға дайындығын көрсететін пәндік саласы, ал «құзыреттілік» белгілі бір салада іс-әрекетті орындау үшін түлектің дайындық нәтижесі ретінде қатыастын тұлғаның интегративті сапалар сипаттамасы. Демек, құзырет - бұл білім, ал құзыреттілік - біліктілік (әрекет) болып табылады.

Құзыреттілік тұғырдан білім берудің жаңа интегративтік бірліктерінің көптүрлілігін үш топқа топтастыруға болады: құзыреттілік; құзырет; оқу-танымдық және әлеуметтік-кәсіби сапалар (немесе

мета-сапалар). Мета-сапа – бұл адамның оқу-танымдық, әлеуметтік және кәсіби іс-әрекет өрісінің өнімділігін анықтап, дәлелдейтін тұлғаның қабілеттері, сапа-қасиеттері. Бүгінгі мамандарға тән сапалар: білімділік, ұйымдастырушылық, дербестік, коммуникативтілік, өзін-өзі реттеушілік, жауапкершілік, қабеліттілік, өзін-өзі бақылаушылық.

Э.Ф.Зеердің пікірінше, құзыреттілік тұғыр мақсатқы басымды бағдар беру, білім беру веторлары (үйрену, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі өзектендіру, әлеуметтендіру, жеке даралықты дамыту) [3].

«Метапән», «метапәнділік» ұғымдарының терең тарихи тамыры бар. Метапән пәннің іс-әрекеттік, ерекше срезі ғана емес, пәннің негізін қалайтын бөлігі (А.В.Хуторской); метапәннің негізі бірегей тұтастыққа бөліктердің бірігуі, интеграциясы (Н.Громыко, М.Половкова).

«Метапәнділік» ұғымы ғылыми білім интеграциясы мен әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру жүйесінің атқаратын қызметінің әмбебап қасиеті ретінде қарастырылады. Сондықтан жоғары білім беру жүйесінде метапәндік нәтиже кәсіби іс-әрекетте табыстылыққа қол жеткізу үшін қажетті әмбебап біліктілік, сапа және дағдылар жиынтығы болып табылады.

А.Г.Асмолов бойынша метапәндік біліктер - бұл жаңа білімді өз бетінше меңгеруді, дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруды, сондай-ақ осы процесті өз бетінше ұйымдастыруды қамтамасыз ететін іс-әрекеттер кешені. Метапәндік біліктіліктер жалпы оқу, пәнаралық (пәнаралық) іскерліктер мен дағдылар. Оның пікірінше, метапәндік іскерлікті меңгеру білім алушылардың оқу іс-әрекетінің барлық компоненттерін толық меңгеруін көздейді: 1) танымдық және оқу себептері; 2) оқу мақсаты; 3) Оқу міндеті; 4) оқу іс-әрекеттері мен операциялары (материалды бағдарлау, түрлендіру, бақылау және бағалау) [4].

Ю.В.Громыко білім беру метапәндік мазмұнын нақты оқу пәніне жатпайтын, керісінше, кез келген оқу пәні шеңберінде оқу процесін қамтамасыз ететін іс-әрекет деп түсіндіреді [5].

А.В.Грешилова метапәндік құзыреттер деп адамның интегративті, пәнаралық іс-әрекетте пайда болатын және қолданылатын негізгі білім, білік, практикалық тәжірибе бірлігін түсінеді [6].

М. М. Поташник пен М. В. Левиттің пікірінше, метапәндік құзырет негізгі әмбебап оқу іс-әрекеттерін меңгеру ретінде анықталады: реттеушілік, коммуникативтік және танымдық. Стандарттың маңызды міндеті оқушыларға оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру, өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, демек өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеті болып табылады [7].

1990 жылдан батыстық ғалымдар (D.Bourantas, M.T.Morpurgo, R.K.Nielsen, I.L.Potgieter) мамандардың метакомпетенттілік моделін жасады, оған мақсатына байланысты топқа (кластерге) біріктірілген және жүйеленген метакомпетенциялар жиынтығы енді. Авторлар метакомпетенцияның маманның карьерасына әсерін зерттей отырып, тұлғаның негізгі сапаларына лидерлік сапаны, коммуникативтік және басқару дағдыларын, командада жұмыс істеу білу, мақсатқа бағыттылық, кәсіби өсуге талпыну, сыни және аналитикалық ойлау, өзін-өзі ұйымдастыру, эмоционалды интеллект, т.б. жатқызады [8].

Ресей зерттеушілері метакомпетенцияны «қайта құруға» болады деп тұжырымдайды:

1) әр түрлі тіршілік салаларында маманның дүниетанымдық және азаматтық ұстанымын қалыптастыру кезінде әлеуметтік-гуманитарлық білімді пайдалану қабілеті ретінде жалпы гуманитарлық метакомпетенцияны;

2) тұлғааралық және мәдениетаралық өзара іс-әрекет міндеттерін шешу үшін, оның ішінде стандартты емес жағдайларда орыс және шет тілдерін меңгеру қабілеті ретінде әлеуметтік-коммуникативтік метакомпетенцияны;

3) толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті, оның ішінде төтенше жағдайларда қамтамасыз ету үшін әдістер мен құралдарды пайдалануға дайындық ретінде денсаулық сақтау метакомпетенциясын;

4) орыс тілі мен әдебиеті саласындағы негізгі ережелер мен тұжырымдамаларды білу қабілеті ретінде жалпы теориялық филологиялық метакомпетенцияны;

5) филология саласында алған теориялық білімдерін жеке ғылыми-зерттеу қызметінде қолдану қабілеті ретінде ғылыми-зерттеу метакомпетенциясын;

6) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешу қабілеті ретінде ақпараттық-коммуникациялық метакомпетенцияны;

7) орыс тілі мен әдебиеті бойынша оқу сабақтарын және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізуге дайындық ретінде лингводидактикалық метакомпетенцияны;

8) кәсіби-қолданбалы метакомпетенция әр түрлі мәтіндермен жұмыс істеу қабілеті ретінде;

9) филология саласындағы жобаларды өз бетінше әзірлеу және іске асыру қабілеті, сондай-ақ кәсіби салада өзін-өзі білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындығы ретінде ұйымдастыру-басқару метакомпетенциясын [9].

Метапәндік тәсіл біліммен жұмыс істеу тәсілдерін беру мақсатында білім алушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру, оқу пәнінің маңызды ұғымдарын жете ұғыну, мән-мағынасын түсіну (бұл есте сақтау емес), білім беру қызметінің болуы, оқушылардың базалық пәндік қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, әр түрлі оқу материалында білімді ашу тәсілін қолдану (яғни оқу үрдісінде ғылыми жаңалықты қайталау), рефлексивті іс-әрекеттің болуы.

Метапәндік нәтижелер білім алушылардың бірнеше немесе барлық оқу пәндері негізінде игерген білім беру процесі шеңберінде де, нақты өмірлік жағдайларда да қолданылатын іс-әрекеттердің жалпыланған тәсілдері (мысалы, салыстыру, сызба нұсқа құрастыру, тұжырымдау, байқау, мәселені тұжырымдау, гипотеза ұсыну, модельдеу және т.б.). Сонымен бірге білім алушылардың игерген пәнаралық, пән үсті іс-әрекеттері мен әмбебап іс-әрекеттері (жалпы оқу іскерліктері), жеке білім беру траекториясын құру қабілеті ретінде түсіндіріледі.

«Метапәндік нәтиже» термині: оқу пәндерін игеруге қатысады; оқу пәндерін бір қауымдастыққа қосады; оқу пәндерінің жиынтық әрекетін білдіреді; пәндер арасында пайда болады; оқу пәндерін меңгергеннен кейін пайда болады; оқу пәндерін меңгеру үшін пайда болады, басқаша айтқанда оқу пәндеріне қызмет көрсетеді; оқу пәндерінің түсінігін өзгертеді (тереңдетеді, кеңейтеді).

Пәнаралық байланыстың тарихи аспектісіне келсек, бұл идеяның негізі оқу материалының мазмұнында табиғаттың тұтастығын бейнелеу жолдарын зерттеуден туындады. Ол бүгінгі білім беру модернизациясының міндеттерін шешуде бұрынғы тәжірибені пайдалануды тарихи дәлелдеу үшін қажет. Пәнаралық байланыс ғылымдар интеграциясы жағдайында оқу пәндерінің құрылымы мен мазмұнын қалыптастыру факторы ретінде ерекше маңызды, оқу пәнінің құрылымы оның түрлері мен қызметінің көптүрлі көздері ретінде қызмет етеді. Ғылымның гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық бөлінуінде олардың арасында объективті – пәндік қатынас бейнеленген.

Қазіргі ғылымдағы интеграция үрдістері бірнеше негізгі бағыттармен жүреді: бір ғылымдағы ұғымдар мен идеялардың танымның басқа салаларына ауысуы (космостық «белгілер» барлық ғылымға еніп, геоцентризм элементтерінің қалдығын жойған кездегі ғылымның космостану үрдісі); бір саланың таным әдістерінің екінші салаға енуі (қазіргі ғылымның математикалану үрдісі); ғылымдар тоғысында зерттеудің болашағы мол салалары (биохимия, астрофизика, кибернетика, физикалық химия т.б.) мен пәнаралық кешенді бағыттарының пайда болуы; жаратылыстану, қоғамдық және техникалық ғылымдары арасындағы байланыстың күшейе түсуі; бір ғылымның пайымдау құрылғыларының екінші ғылымға енуі негізінде ғылым тілі мен логикасы құралдарының универсалдануы, мұнда қолданыстың кең аумағын қамтитын жалпығылымдық түсініктер (информатика, модель, құрылым, жүйе, элемент, функция т.б.) үлкен рөл атқарады; философия мен табиғат, қоғам, техника саласындағы нақты ғылымдардың байланысының күшеюі, диалектикалық - материалистік философияның әдіснамалық және эвристикалық рөлінің күшеюі, оның кіріктірудегі рөлінің жоғарылауы.

Қорыта келгенде, метақұзыреттер келесі топтарға бөлінеді:

- әлеуметтік-мәдени (құндылық бағдар, этникалық нормалар мен қағидалар);
- метакогнитивтік (метабілім, метадағды, метатанымдық белсенділік, метатанымдық тәжірибе, сыни ойлау);
- коммуникативтік (мобилділік, коммуникативтік дағдылар);
- өзін-өзі өзектендіру коментенциялары (үздіксіз білім алуға қабілеттелік, уақытты басқару, өзін-өзі бақылау және өзіндік тәртіптілік);
- денсаулық сақтау және қауіпсіз органы қамтамасыз ету;
- шығармашылық компетенция (инициативалық, креативтілік). Сан алуан түрлі метакомпетенция мен олардың компоненттерінің жиынтығы метапәндік негізін, немесе мамандық профилі бойынша тікелей нәтижелі жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіпүсті білім, білік және дағдыны құрайды. Бұл жағдайда метабілім әмбебап білімдерді, оларды алу мүмкіндігін, метатәсілдер практикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, метабілім оқу іс-әрекетінің түрлі салаларында қолдануға болатын ақыл-ой мен дағдылар. Алайда, студенттерінің метапәндік білімін қалыптастыру кезінде тек мәселені анықтауды ғана емес, сонымен қатар болжам жасауды, зерттеу факторы сияқты метаәрекеттік ерекшеліктерге тән бірқатар белгілерді ескеру қажет.

Сонымен, метапәндік іс-әрекет оқу пәнінің шегінен тыс әрекет; ол кез келген пәндік ұғыммен, схемамен, модельмен және т. б. жұмыстың жалпылама тәсілдерімен оқытуға бағытталған және өмірлік жағдайлармен байланысты. Метапәндік құзыреттер адамның интегративті және пәнаралық іс-әрекетінде қолданатын білім, білік және практикалық тәжірибенің бірлігі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 7-қосымша Жогары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

2. Хуторской А.В. Педагогические основания диагностики и оценки компетентностных результатов обучения//Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2013. - №5 (80).

3. Зеер Э.Ф. Компетентностный подход к образованию//Образование и наука. – 2005. - №3 (33). – С. 27-40.

4. Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действия к мысли. Система заданий: пособие для учителя [А.Г.Асмолов, Г.В.Бурменская, И.А.Володарская и др.]; под ред. А. Г. Асмолова. – М.: Просвещение, 2010. -159 с.

5. Громыко Н.В. Метапредметный подход в образовании при реализации новых образовательных стандартов://http: www.docme.ru/gromyko-n.v.

6. Грешилова А.В. Содержание метапредметных компетенций у студентов среднего профессионального образования. Электронный научно-педагогический журнал Восточной Сибири. – 2014. – № 1(13).

7. Потаешник М.М., Левит М.В.Как помочь учителю в освоении ФГОС. –М.: Педагогическое общество России, 2014. – 320с.

8. Bourantas, D. Leadership Meta-Competencies. Discovering Hidden Virtues/ D. Bourantas, V. Agaritou. – London: Routledge, 2014. – 200 p.

9. Андреев В. Н., Каширева Т. Б., Фомичева Ж. Е. Формирование метакомпетенций в процессе внеаудиторной работы с иностранными студентами, изучающими русский язык. //Вестник ВГУ. Серия: Проблемы высшего образования. – 2018. -№3. С. 122-127

МРНТИ 14.07.07

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.08>

*П.Б.Сейітқазы<sup>1</sup> А.А.Ахметова<sup>2</sup>*

<sup>12</sup>*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана*

## **КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ МЕДИАБІЛІМДІ ДАМУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ**

*Аңдатпа*

Ғылыми мақалада медиабілімнің маңыздылығы және сұранысқа ие білім бағыты болып тұрғандығы туралы зерттеу жүргізілген. Автор педагог мамандарға кәсіби-бағдарлы білім бағытында медиабілімнің білімалушыларды ақпараттық сауаттылыққа үйрету жолдарын, педагогикалық негіздерін ұсынады. Қоғамда ақпараттық технологияның дамып кеткендігін ескере отырып, білім беру үдерісінде медиабілім бағытын дамыту жұмыстарына педагог мамандардың үлесі мен педагогикалық технологияны қолданудың қажеттігін алға тартқан ғылыми мақалада жас ұрпақты ақпаратты сыни қабылдауға жетелейтінін алға тартқан. Мақалада автор медиабілім берудің маңыздылығы мен қажеттілігі туралы мысалдар келтіріп, ғылыми тұжырымдарға сүйенеді. Қоғамдағы ақпараттық технологияның дамып бара жатқандығын ескере отырып, медиапедагогикалық білім берудің жолдары ғылыми мақалада сарапталған. Ғылым мен техниканың даму қарқыны кәсіби-бағдарлы білім беру бағытында жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды және сауатты пайдалана білу қажеттігі және осы бағыттағы медиабілімнің рөлі сөз етіледі.

**Түйін сөздер:** медиабілім, ақпараттық технология, білім беру, педагог, сыни қабылдау, кәсіби-бағдарлы, ақпараттық сауаттылық, коммуникация.